


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

О. Ж. Ошанова

БАҚ ЗАҢНАМАСЫ
ЖӘНЕ ЭТИКА

Оқу құралы



REDMI NOTE 8
AI QUAD CAMERA

Алматы
«Қазак университеті»
2016

ӘОЖ 002(075.8)

КБЖ 76.Оя73

О-96

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі (№3 хаттама 17 мамыр 2016 жыл);
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы
ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және
жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі
шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 14 қаңтар 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

саяси ғылымдарының докторы, профессор **Қ.С. Сұлтанов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Н.О. Омаиев**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Ө. Жақып**

Ошанова О.Ж.

О-96 БАҚ заңнамасы және этика: оқу құралы / О.Ж. Ошанова.

– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 154 б.

ISBN 978-601-04-2006-9

Бұл оқу құралында қазіргі таңда журналистер үшін ең қажетті құқықтық журналистиканың теориялық және тәжірибелік мәселелері қозғалған. Сонымен қатар ақпараттық құқық саласындағы баспасөз және сөз бостандығы мәселелерін реттеу, оның ережелері, журналистердің міндеттері мен құқықтары, ақпарат еркіндігіне конституциялық кепілдік беру, бұқаралық ақпарат құралдары бостандығын халықаралық құқықтық деңгейде реттеу жолдары туралы мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Бұл оқу құралы студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың құқықтық сауаттылығын жетілдіреді әрі болашақ мамандардың өз құқықтары мен міндеттерін терең білуіне ықпал етеді.

Кітап ғалымдарға, студенттерге, сондай-ақ құқықтық сауаттылығын жетілдіргісі келетін жалпы оқырманға арналған.

ӘОЖ 002(075.8)
КБЖ 76.Оя73

© Ошанова О.Ж., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

БАҚ ЗАҢНАМАСЫ

1.1. Кәсіби стандарттар

Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығының негіздері. Конституциялық құқық – ҚР құқық жүйесінің жетекші салаларының бірі ретінде – ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын құқықтық нормалар жүйесін білдіреді және басқа құқық жүйесінің нормаларынан ерекшеленеді. Ішкі тұтастық конституциялық нормалардағы қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерімен белгіленетін, солар арқылы реттелетін жалпы белгілердің болатындығын білдіреді.

Конституциялық құқық, тұтас алғанда, құқықтың реттеу әдістері деп аталады, белгілі бір тәсілдер мен әдістердің көмегімен мемлекеттік және қоғамдық қатынастарды реттейді. Конституциялық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін төмендегідей:

- 1) міндеттеу әдісі;
- 2) тыйым салу әдісі;
- 3) рұқсат ету әдісі;
- 4) тану әдістері қолданылады.

Міндеттеу әдісі мемлекеттік органға сияқты, жеке тұлғаларға да қатысты, олардың барлық қызмет саласында қолданылады.

Рұқсат ету әдісі мемлекеттік органдардың өкілеттігін белгілеу кезінде де қолданылады.

Құқықтық реттеудің тағы бір әдісі тану әдісін де қолданады. Кенестік кезеннен кейінгі конституциялық құқық жөніндегі әдебиеттерде мұндай әдістің қолданылу мүмкіндігі байқалмайды. Оның үстіне бұл әдіс объективті фактордан – адамдардың табиғи құқығын заң тұрғысынан танудан туындайды.

Конституцияның құқықтық нормалары сала ретінде конституциялық құқықтың тура және тікелей қайнар көзі болып табылатынын қайнар көзі ретінде сипатталады:



II тарау

ЖУРНАЛИСТ ӘДЕБИ – РУХАНИЯТ ТІРЕГІ

2.1. Әлеуметтік құндылықтарды қорғау

Әлеуметтік құндылықтар – «кең мағынасында болмыстағы құбылыстар мен заттардың, қоғамның, әлеуметтік топтардың және жеке тұлғалардың қажеттілігіне сәйкес келу немесе сәйкес келмеу тұрғысындағы маңыздылығы; тар мағынасындағы – адам мәдениетінің және қоғамдық сананың өнімі ретінде қалыптасқан ізгілікті және эстетикалық талаптар»¹⁶.

Әлем бойынша қалыптасқан журналистердің кәсіби этикасы журналистерден адамзаттық құндылықтарды бағалап, қоғамдағы әр азаматтың жеке басын, оның көзқарасын, пікірі мен сенімін құрметтеуді және демократиялық көзқарастар мен адамгершілік және ізгілік қарым-қатынастарды насихаттауды бірінші кезекте талап етеді. Бұл орайда ғалым В.М. Теплюктін: «Журналист үшін ең маңыздысы – азаматтық, адамдардың өмірін жақсартуға тырысу»¹⁷, – деген пікірін алға тартсақ, яғни әр журналист осы қағиданы негізгі ұстаным етіп алса, бұл журналистің өзінің кәсіби борышын терең түсінгенінің көрсеткіші болар еді.

Нағыз кәсіби журналист жалпы қоғамдық адамгершілік құндылықтарын насихаттауды, адам құқығы мен бостандығын құрметтеуді және көпшіліктің адами құндылықтарын сыйлау міндеттерін бірінші кезекте ескереді.

Ал әл-Фараби бабамыз айтқан: «Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы өзіне-өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады»¹⁸, – деген пікірден түйетініміз, журналистер шыншылдық пен адалдықты өзінің кәсіби борышын атқаруда басты қағида етіп алулары керек.

¹⁶ Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: педагогика / жалпы ред. басқ. э.ғ.д., проф. Е. Арын. Алматы, 2006. – 482 б.

¹⁷ Теплюк В.М. Журналистского творчества. – М., 1980. – 29 с.

¹⁸ Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 19-20 б.

ҚҰҚЫҚТЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

3.1. Құқықты журналистика және қоғамдық пікір

БАҚ қызметінің құқықтық алаңы²⁸:

1. Жалтыұлттық БАҚ туралы заң Ресейден басқа Австрия мен Швецияда ғана қабылданған. Басқа елдерде БАҚ туралы мәселелер тек әр түрлі кодекстерде ғана айтылады.

2. Барлық елдерде БАҚ-тарды тіркеуді бекіту принципі қабылданған. Бірқатар ерекшеліктерді атап өтейік: Францияда декларация прокурордың кеңсесінде тіркеледі, Австралия мен Австрияда редакция әр нөмірде баспа мен типография қызметкерлерінің аты-жөндері мен мекен-жайларын жариялап отыруға міндетті.

3. Меншіктік құқық. Франция мен Германияда баспасөзді бір қолға жұмылдыруға, бір бағытта шоғырландыруға (концентрация) әкелетін келіссөздерге тыйым салатын қатаң заңдар қабылданған. Австралияда, Канадада, Норвегияда, Ұлыбританияда, АҚШ-та әр түрлі БАҚ түрлерін бір мезгілде меншіктенуге шек қойылады. Францияда шетелдіктерге БАҚ мекемелерінің 20 пайыздан асатын акцияларын иемденуге тыйым салынған. Ресейде мұндай тыйымдар мен шектеулер жоқ.

Біздің елімізде Бұқаралық ақпарат құралдары туралы (ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі №451) Заңының 5-бабына сәйкес «Заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының акцияларының (үлесінің, пайының) 20 проценттен астамын шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады».

²⁸ Ворошилов В.В. СМИ: правовые и этические нормы журналистики: конспект лекций. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 1999. – 48 с.

ҚҰҚЫҚТЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

3.1. Құқықты журналистика және қоғамдық пікір

БАҚ қызметінің құқықтық алаңы²⁸:

1. *Жалтыұлттық БАҚ туралы заң* Ресейден басқа Австрия мен Швецияда ғана қабылданған. Басқа елдерде БАҚ туралы мәселелер тек әр түрлі кодекстерде ғана айтылады.

2. Барлық елдерде *БАҚ-тарды тіркеуді бекіту принципі* қабылданған. Бірқатар ерекшеліктерді атап өтейік: Францияда декларация прокурордың кеңесінде тіркеледі, Австралия мен Австрияда редакция әр нөмірде баспа мен типография қызметкерлерінің аты-жөндері мен мекен-жайларын жариялап отыруға міндетті.

3. *Меншіктік құқық*. Франция мен Германияда баспасөзді бір қолға жұмылдыруға, бір бағытта шоғырландыруға (концентрация) әкелетін келіссөздерге тыйым салатын қатаң заңдар қабылданған. Австралияда, Канадада, Норвегияда, Ұлыбританияда, АҚШ-та әр түрлі БАҚ түрлерін бір мезгілде меншіктенуге шек қойылады. Францияда шетелдіктерге БАҚ мекемелерінің 20 пайыздан асатын акцияларын иемденуге тыйым салынған. Ресейде мұндай тыйымдар мен шектеулер жоқ.

Біздің елімізде *Бұқаралық ақпарат құралдары туралы (ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі №451) Заңының 5-бабына сәйкес «Заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының акцияларының (үлесінің, пайының) 20 проценттен астамын шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) жанама на тыйым салынады».*

²⁸ Ворошилов В.В. СМИ: правовые и этические нормы журналистики: конспект лекций. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 1999. – 48 с.